

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Алматы облысы Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі N 439 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 16 қазанда N 2146 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 12-7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 1-1-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кербұлақ ауданы бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Кенішбек Пәрімбекұлы Сұлтанбековке жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы
Б. Исабеков
КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы
Шалқыбай Молдахметұлы Төлегенов
17 қыркүйек 2012 жыл

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінің бастығы
Медет Құсайынұлы Сопбеков
17 қыркүйек 2012 жыл

Кербұлақ аудан әкімдігінің
2012 жылғы 17 қыркүйектегі
"Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы
тұрғын үйді пайдаланғаны үшін

Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінде орналасқан мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына 1 (бір) шаршы метр үшін төлемақы мөлшерін есептеу

Б. Момышұлы көшесі бойында орналасқан пеноблоктан салынған жеті жалдамалы тұрғын үйлерден жалдау ақы есебі

Кербұлақ ауданы бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін 1 (бір) шаршы метр үшін төлемақы мөлшері (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2011 жылғы 6 қазанда N 7232 тіркелген, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы N 306 бұйрығымен бекітілген " Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесіне" сәйкес):

$$A = Ц / T / 12 + P$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

A – кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін , теңге) ;

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге) ;

T – ғимараттардың қызмет көрсету есептік мерзімі (жыл);

P –тұрғын үйді күтіп ұстауға қажетті төлем сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге) :

$$P = ГЗ / 12 / ? п$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

ГЗ – тұрғын үй пайдалану қызметіне, тұрғын үйді күтіп ұстауға кететін шығынының жылдық сметасы (жылына теңге);

? п тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы алаңының сомасы (шаршы метр) ;

$$Ц = 76650 \text{ теңге ;}$$

Жалдамалы үйдің сметалық бағасы - 4 286 807 теңге.

Ц - шаршы метр бағасы – 4 286 807: 70 ш/м = 61240 теңге;

$$T = 100 \text{ жыл ;}$$

$$\begin{aligned}
 & \Gamma 3 = 10498 \text{ теңге}; \\
 & ? п = 70 \text{ шаршы метр}; \\
 P = & 10498 \text{ теңге} : 12 \text{ ай} : 70 \text{ ш/м} = 12,50; \\
 A = & 61240 \text{ ш/м теңге} : 100 : 12 \text{ ай} + 12,50 = 63,53 \text{ теңге}; \\
 A & (\text{айына } 1 \text{ ш/м төлем мөлшері}) = 63,53 \text{ теңге ш/м}.
 \end{aligned}$$

Б. Момышұлы көшесі бойында орналасқан кірпіштен салынған алты жалдамалы тұрғын үйлерден жалдау ақы есебі

$$A = Ц / Т / 12 + P$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

A – кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

T – ғимараттардың қызмет көрсету есептік мерзімі (жыл);

P – тұрғын үйді күтіп ұстауға қажетті төлем сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге) :

$$P = \Gamma 3 / 12 / ? п$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

ГЗ – тұрғын үй пайдалану қызметіне, тұрғын үйді күтіп ұстауға кететін шығынының жылдық сметасы (жылына теңге);

? п тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы алаңының сомасы (шаршы метр);

$$\begin{aligned}
 & Ц = 74955 \text{ теңге}; \\
 & \text{Жалдамалы үйдің сметалық бағасы} - 5246907 \text{ теңге.} \\
 Ц - & \text{ шаршы мерт бағасы} - 5246907 : 70 \text{ ш/м} = 74955 \text{ теңге}; \\
 & Т = 100 \text{ жыл}; \\
 & \Gamma 3 = 12849,43 \text{ теңге}; \\
 & ? п = 70 \text{ шаршы метр}; \\
 P = & 12849,43 \text{ теңге} : 12 \text{ ай} : 70 \text{ ш/м} = 15,30; \\
 A = & 74955 \text{ ш/м теңге} : 100 : 12 \text{ ай} + 15,30 = 77,76 \text{ теңге}; \\
 A & (\text{айына } 1 \text{ ш/м төлем мөлшері}) = 77,76 \text{ теңге ш/м}.
 \end{aligned}$$

Б. Момышұлы көшесі бойының оңтүстік-шығыс жағында орналасқан кірпіштен салынған он жалдамалы тұрғын үйлерден жалдау ақы есебі

$$A = Ц / Т / 12 + Р$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

А – кондоминиум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге)

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге) ;

Т – ғимараттардың қызмет көрсету есептік мерзімі (жыл);

Р – тұрғын үйді күтіп ұстауға қажетті төлем сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге) :

$$Р = ГЗ / 12 / ? п$$

формуласымен есептелінеді, мұндағы:

ГЗ – тұрғын үй пайдалану қызметіне, тұрғын үйді күтіп ұстауға кететін шығынының жылдық сметасы (жылына теңге);

? п тұрғын үй ғимаратындағы тұрғын үйдің жалпы алаңының сомасы (шаршы метр) ;

$$Ц = 76650 \text{ теңге} ;$$

Жалдамалы үйдің сметалық бағасы - 5 365 560 теңге.

$$Ц - \text{шаршы мерт бағасы} - 5\,365\,560 : 70 \text{ ш/м} = 76650 \text{ теңге};$$

$$Т = 100 \text{ жыл} ;$$

$$ГЗ = 13140 \text{ теңге} ;$$

$$? п = 70 \text{ шаршы метр} ;$$

$$Р = 13140 \text{ теңге} : 12 \text{ ай} : 70 \text{ ш/м} = 15,64 ;$$

$$А = 76650 \text{ ш/м теңге} : 100 : 12 \text{ ай} + 15,64 = 79,52 \text{ теңге};$$

$$А (\text{айына } 1 \text{ ш/м төлем мөлшері}) = 79,52 \text{ теңге ш/м.}$$